

# КІТАП ПАТШАЛЫГЫ

20  
ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық академиялық  
КІТАПХАНАСЫ



**K**ітапхана адамзат миына қойылған ен ұлы ескерткіш. Талаң адам бұл дүниеден өтсе де, оның миы әліге дейін өз қызметтің тоқтатқан жок. Бүгінгі ұрпакты иландырады, толғандырады, талаң қауіп-кательден сақтандырады, алға үмттылдырады. Кітап пен кітапхана бар жерде ұрпактар арасында жалғасып жатқан интеллектуальдық ұлы серпін ешқашан тоқтамайды.

Әбіш КЕКІЛБАЙУЛЫ  
14 актап 2014 жыл

## БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

### Қынбаттың біздің оқырмандарымыз, әріптестер!

Біз Сіздермен журналымыздың жаңа жылдық беттері арқылы қайта кездесіп отырмыз. Аулада көктемнің лебі еседі. Табиғат қысқы жамылғысын алмастырып, жаңартуға аласуруда. Сонымен, біз де Сіздерге Қазақстандағы кітапханалық қауымдастықтың соңғы жаңалықтарын жеткізуге асырудамыз.

«Кітап патшалығы» біздің тұрақты оқырмандарымыздың үмітін алдамауға сәндіргісі келеді, ал біздің журналымыздың бетін алғаш ашып отырғандарға біздің сенімді қастерлөүшіміз болғайызы деп тілейміз.

Біз материалдарымызды үш блок бойынша бөлу дәстүрінен алыстаған жоқпыз, ал бұл белгілі бір тақырып бойынша мақалаларды іздестіріп табуға мүмкіндік береді. Журналдың бірінші нөмірі контентті толымдау көзқарасы бойынша мазмұнды өрі сан түрлі.

Бірінші блоктан Сіз жыл басындағы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаган Жолдауының ролі туралы әріптестер пікірімен таныса аласыз. Сондай-ақ материалдардың бір бөлігі Ұлттық академиялық кітапханада өткен облыстық кітапханалар директорларының кеңесі мен 2014 жылға арналған «Бір ел – бір кітап» акциясы шенберіндегі кітап таңдау отырысына арналады.

Екінші, көлемді блок халықаралық кітапханалық ынтымақтастық туралы материалдардан, біздің қазақстандық жөне шетелдік әріптестеріміздің мақалаларынан тұрады.

Үшінші блок Сізді жазушы-ғалым М. Кемелдің өскелен ұрпақты тәрбиелеудің, рухани жетілдірудің қыр-сырын көтеретін дәрісімен таныстырады. Ал «Кітапханашы шығармашылығы» айдарымен Ұлттық академиялық кітапхана өткізген ең үздік ғылыми мақала байқауында озық танылған жас кітапханашы А. Аймаганбетовының мақаласы жарияланды.

Біз жемісті ынтымақтастығы үшін біздің авторларға алғыс білдіреміз, оқырмандарымызға сәттілік тілейміз!

Күрметпен, бас редактор  
Ғалия БӘКЕЙҚЫЗЫ



# КІТАП ПАТШАЛЫГЫ

Редакциялық алқа төрағасы  
Әлібек АСҚАР

Әкім ТАРАЗИ  
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ  
Жанна ҚҰРМАНГАЛИЕВА  
Имангали ТАСМАҒАНБЕТОВ  
Майя ЖИЕНБАЕВА  
Сауытбек АБДРАХМАНОВ  
Тұрсын ЖҮРТБАЙ  
Тілеугали ҚЫШҚАШБАЕВ  
Хабиба АҚЖІГІТОВА

Бас редакторы  
Галия БӨКЕЙҚЫЗЫ

Бас редактордың орынбасары  
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА  
Редакторы Айсұлу СЕЙЛОВА  
Дизайнер Санель АМАНОВА

Менипк иесі:  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеттіне қарасты «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 2009 жылғы 12 қарашадағы №10493-Ж күзілті берілген.

“Print House Gerona” баспаханасында басылды.  
Мекен-жайы: Алматы қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 30 а, 124 кеңсе. Тел.: 8 (727) 2 504 740, 3 989 462  
Жазылу индексі: “Қазпочта”, “Евразия Пресс”,  
“Эврика Пресс” 74330

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қаласы, Достық көшесі, 11. тел.: 8 (7172)  
285266, 8 (7172) 446241  
e-mail: kitap446241@gmail.com

Журналға жарияланған авторлық материалдарға редакция жауапты болып табылады. Журналға жарияланған материалдар көшіріліп басылған жағдайда сілтеме жасалуы міндетті.

ҒЫЛЫМ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

## МАЗМУНЫ

Бас редактор бағаны.....	3
ҚАЗАҚСТАН – 2050. МӘҢГІЛІК ЕЛ Мәңгілік Ел идеясы – қазақстандық патриотизмнің тұпқазығы.....	6
<b>ҰЛТ МҰРАСЫ</b> 100 томнан тұратын «Бабалар сөзі» топтамасының тұсауы кесілді.....	14
<b>БІР ЕЛ – БІР КІТАП</b> Сәулеш НАЗЫРОВА Жауһар жыр планетасына саяхат.....	17
<b>ОДНА СТРАНА – ОДНА КНИГА</b> Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА Выбрали книгу 2014 года.....	20
<b>ОДНА СТРАНА – ОДНА КНИГА</b> Ольга МЕНЬШИКОВА «Жил один мальчик ... сирота».....	23
<b>БІР ЕЛ – БІР КІТАП</b> Айгүл КЕМЕЛБАЕВА «Кітапханалық блогтар» байқауы мәресінө жетті.....	24
<b>КӘСІП КЕЛБЕТІ</b> Жас кітапханашилар байқауда бақ сынасты.....	28
<b>ЗАСЛУГА</b> Гульжамерия КАЗИНА, Уркия РЫШАНОВА Профессия, обязывающая ко многому.....	30
<b>ОПЫТ</b> Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА Библиотечный диалог.....	32
<b>ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒДЫР</b> Гүлдар ӘҮЕНҚҰЛОВА «Асыл ана – ғасыр ана».....	35
<b>ВЫСТАВКА</b> «Китап патшалығы» – участник выставки....	40

# СОДЕРЖАНИЕ

№1-2014

## КИТАПХАНАШЫ & ҚАЙРАТКЕР

Айсұлу СЕЙЛОВА

«Кітапхана ісіне қашан да

мемлекеттен қамқорлық қажет».....42



## КАЗНЭБ

Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА,

Айгүль КАСЫБАЕВА

Национальная электронная библиотека

Республики Казахстан в развитии.....44



## КӘСІП КЕЛБЕТИ

Базарғали ҚУАТОВ


Шеберлік шыңына шеру тартқан ұжым».....49

## ЮБИЛЕЙ

Гульшат ДАРИБАЕВА

Юбилей библиотеки, учрежденной

200 лет назад «на пользу общую».....51



## СОТРУДНИЧЕСТВО

В дар – книги о Литве.....56

## СОТРУДНИЧЕСТВО

Марияш ШАРИПОВА

Дружба с янтарным краем.....57



## ОПЫТ

Кабиба АҚЖИГИТОВА,

Бибигуль ШАГИЕВА

Новая библиотека. Какой она будет?.....60

## БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ

Саида ИСАМАДИЕВА

История Казахстана через призму библиографии.....62

## ОПЫТ

Светлана ЛУКАШ

«Читать вместе с папой и мамой – классно!».....65



## ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ

Мырзагелді КЕМЕЛ

Қазақ жастарының рухани жетілудің бірер мәселеі».....68

## КИТАПХАНАШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Арайлым АЙМАҒАНБЕТОВА

Кітапханадағы көпшілік жұмыстар».....73



## Мәңгілік Ел идеясы – қазақстандық патриотизмнің

**Қазақстандық патриотизм – 2050 стратегиясының жетінші саяси бағыты. Жолдауда «Мәңгілік Ел идеясы – ұлттымыздың ұлы бағдары, Қазақстан – 2050 стратегиясының түпқазығы», – деп Елбасы жаңа тұжырым жасады.**

**Бірінші.** Мәңгілік Ел идеясы – патриотизмнің, отансүйгіштіктің қайнар бұлғыбы болуы үшін қазақ елінің азаматтары төгіс, өсіресе, қазақтар бай, ауқатты болуы керек.

Қазақ елінің азаматтары бай, ауқатты болмаса, елімізді, жерімізді өзге жүрттың бай, ауқатты азаматтары билеп, төстеп көтпек. Мәселелі бай болуда, мәселе ауқатты болуда. Мәселе елге, жерге, табиғи қазынага ие болуда. Ата-бабаларымыз осылай армандаған...

Өкінішке орай, Кеңес үкіметі заманында «бай» деген ұғым мазақ сөзге айналды. Бұл халқымыздың рухани өлеміне жасалған идеологиялық диверсия болатын.

«Бай» деген қазіргі лексикаға салсақ, бизнесмен, көсіпкер Елбасының Қазақстан стратегиясындағы Үшінші бағыт бойынша Ұлттық экономикамыздың жетекші күш – көсіпкерлікті жан-жақты қолдана.

Көсіпкерлікті дамыту, бай, ауқатты адамдардың қатарын көбейту.

Қазақтың «бай» деген ұғымы – қазіргі орта бизнес субъектілеріне тең келетін түсінік. Атам қазақ байлықтың дәүлетке айналуын мақсат тұтқан. Дәүлетке айналмаған байлық халыққа залал келтіреді. Дәүлетті жандар, жомарт адамдар деген дін жолындағы олардың барап жері жұмақ. Еуропада меценат деген атайды.

Фариғолла ЕСІМ,  
жазушы-ғалым



Қазақ философиясында дәулет байлықтан, игілік биліктен, ізгілік Алла тағаладан деген түсінік бар.

**Екінші.** Қазақ елінің азаматтары, қазақтар бай болуы үшін еліне ие болуы үшін, елді Мәңгілік Елге айналдыру үшін олар іскер, креативты болуы керек. Искерлік адамның қасиеті және қабілеті. Бізге pragmatism философиясы қажет. Басы артық қажетсіз істермен шұғылдану – социалистік қоғамнан қалған мұра.

Искерлік балабақша, орта білім мекемелері, жоғары оқу орындарындағы білім стандарттары арқылы негізделмек. Өкінішке орай, Елбасы 2050 стратегиясында айтқандай, окуышылар, студенттер заманымызға аса қажеті жоқ, тіптен мұлдем қажеті жоқ пәндерді оқумен босқа уақытын өткізуде. Бұл Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс.

**Үшінші.** Дәстүр. Халық дәстүрі. Елбасы стратегияда дәстүрді ұлттық код деген атаған. Дәстүр деген ауқымды ұғым. Қоғам, тіл, тарих, мәдениет, дін және діл оның құрамдас бөліктері. Қазірде Мәңгілік Ел және патриотизмді тәрбиелеуде дәстүр мен діннің ара-қатынасы өзіне ерекше назар аудартып отыр.

**Төртінші.** Мәңгілік Ел болашағы тікелей ел өсіміне, демографияға қатысты, бұл да арнағы әңгімені қажет ететін тақырып. Бір ғана айтарым, қазіргі әрбір жас отбасы ата

## ТҮПҚАЗЫҒЫ

дәстүріне лайық, кемінде бес үл мен қыз өсіріп, Қазақ елінің патриот азаматтарын тәрбиелеп жеткізді деген қоғамда өміршөң үміт бар екені анық.

**Бесінші.** Ел бірлігі – буындар арасындағы сабактастық. Бұл мәселе де стратегияда жаңжақты айтылған. Ел бірлігі дегеніміз жаңа ұғымды қажет ететін феномен. Ата буын, орта буын, немере буын. Осылардың арасындағы сабактастық. Айталақ, дәм үстінде атасы, әкесі, һемересі бас қосты. Бірақ олар, бір ұғымда, бір түсінікте, бір тілде сөйлесіп, тілдесіп, сұхбаттасып арман-қијалдарын, мақсат-мұдделерін бір ортага салып отыр ма? Мәселе осында.

### Сабактастық – Мәңгілік Ел идеясының өзегі.

**Алтыншы.** Жаңаша, инновациялық ойлау қажет. Ол елімізде өткелі отырған «EXPO-2017»-ге тікелей қатысты. Жасыл экономика деген адамша өмір сурған сөз. Лас технологиядан арылып, таза табиғи экологиялық технологияға өту. Бұл жаңаша ойлау. Экономиканы ар-үзтепен өлшеу. Шекерім айтқан Ар Білімі оқу стандарттарында жаңаша ойлаудың принципіне айналса деген Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс бар.

**Жетінші.** Мәңгілік Ел болу үшін аса қажетті феномен – жақсы Қазақ идеясы. Жақсы Қазақ – инновациялық ұғым. Жақсы Қазақ – ел имиджі. Жақсы Қазақ атану – дәреже. Құдайға шүкір, егеменді елімізде жақсы қазақтар көп, өсіресе, олардың саны жастар ішінде күннен күнге өсуде. Халқымыз «жас келсе іске» деп жастардан әрқашан үміт күткен. Сол үміт бүгінгі күнде ақталып келеді. Тәрбие, білім, ғылым, әдебиет пен өнер салаларында, технология, ел басқару, мемлекет басқару ісінде Жақсы Қазақтар көп.

Жақсы Қазақ – дәреже, атақ! Қазақ елін мәңгілік ететін де – Жақсы Қазақ!

Гүлжахан ЮСУПОВА,  
Ә. Тәжібаев атындағы  
Қызылорда облыстық  
әмбебап ғылыми кітапханасы  
ғылыми-әдістемелік  
бөлімінің әдіскери



Мемлекет басшысы өзінің кезекті Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Жолдауы арқылы «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», – деп өскелен үрпақта үлкен аманат жүктеп отыр.

Біз үшін сол болашақ кілтін ұстаған өскелен үрпақ – қазіргі кітапхана оқырмандары. Ал кітапхана алдында тұрған көп міндеттің бірі – дамыған елдер қатарына кіретін мемлекет үшін тәрбиелі, білімді, рухани бай, саналы үрпақ тәрбиесіне себепкер болу. Жеке тұлғаның сана-сезімі мен мінездүлкінің қалыптасуына кітапханада атқарылатын мәдени көпшілік шаралардың, жалпы кітап әлемінің әсері ете үлкен. Атап айтсақ, бойларына отаншылдық сезім үялатып, патриоттық рух беретін Ұлы тұлғалармен кездесу кештері, батырлар, үлгі боларлық үлт өкілдері туралы кітап беташарлары, кітап көрмелері – осындай итістердің бір айғағы. Сонымен қатар, қордады ақпараттық ресурстарға еркін қолжеткізу мүмкіндігін арттыру мақсатында виртуалды көрмелер, жарнамалы слайдтар, буклеттер, шағын дәрістер өткізу қажеттірі артып отыр. Еліміздің болашақы жастардың қолында екеніндігін насиҳаттай отырып, болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру үшін салауатты өмір салтын дәріптейтін шаралар да на зардан тыс қалмау көрек. Жастарды XXI ғасырдың лайықты азаматы етіп қалыптастыру ата-аналардан да, басқа да білім ошақтарынан да, соның ішінде кітапханадан да сындарлы жауапкершілікті талап етеді.

«Кітап оқу – рухани жетілдіріп қана қоймай, төн саулығына да керемет пайдалы» деп ғалымдар дәлелдеп берді. Демек, жастардың білім өрісін кеңейтіп, танымын ағартуға апаратын бірден бір жол – кітап болса, сол кітап пен окушының арасындағы алтын көпір – кітапхана екендігі даусыз. Әрбір тұлғаның адам болып қалыптасу жолында кітапхананың алатын орны ерекше.

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани құндылықтарын үрпақ бойына дарытып, сол асыл мұрадан сүсүндаған болашақта ел билейтін ұлтжанды, отансүйгіш, білімді де жаңашыл тұлғалар тәрбиелей алсақ, елдігіміз артary сөзсіз.



Бейбітгүл ӘБІЛМӘЖІНОВА,  
С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық  
әмбебап ғылыми кітапхананың директоры

Кітапханамыздың ұжымы Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауын зейін қоя оқып, мұқият танысты. Бұл Жолдаудың біздің қызметімізге тікелей қатысы бар. Біз Жолдауды қалың оқырмандарға түсіндіруге міндеттіміз.

...Елбасымыз алдағы басты мақсатымызды қөз жазбайтын айқын шамшыраққа ба-  
лай келіп, азаматтарымыздың қунделікті тіршілігіндегі шешілуге тиісті мәселелерді нұсқап  
берді. «Бұл біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды  
білдіреді», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Егемендіктің алғашқы жылдары белгілі бір қындың болғанын жасырмаймыз. Алайда,  
еткен 22 жылдың ішінде экономикамыздың өрлеуінің арқасында еліміз биіктеге кетерілді.  
Еңсеміз есті. Соған орай мәдениет мекемелерінің де іргетасы нығайды. Соның ішінде  
кітапханамыздың қоры молайды, жаңа әдебиеттермен толықты. Мерзімді баспасөз,  
басқа да бұқаралық ақпарат көздері тұрғындарға қолжетімді болды. Соның арқасында  
кітапханамыз ғылыми орталық ретіндегі қызметін заман талабына сай атқаруға қол  
жеткізді.

Жолдаудан пайымағаным – үлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін Мәңгілік  
Ел идеясының Президентті көптөн толғандырып келгені. «Мен Мәңгілік Ел ұғымын үлты-  
мыздың ұлы бағдары – «Қазақстан – 2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», –  
деді ол осы Жолдауды түйіндей келіп.

Жалпылттық құндылықтарымыздың ішінде жаңа қазақстандық патриотизмге ай-  
рықша орын берілген. Біз өзіміздің жұмысымызға осы идеяны арқау етуіміз керек. Біз осы  
бағыттағы жұмыстарды атқарып та жүрміз. Ол үшін біздің кітапханада он төрт жылдан  
бері жұмыс істеп келе жатқан «Өлкетанушы» клубын мысалға алуға болады. Клубта өуелі  
туған өнірді тану, содан соң Отанды сую, осында тұрып жатқан үлттардың тарихын, салт-  
дәстүрлерін, мәдениеті мен өнерін құрметтеу сезімін қалыптастырады.

Сонымен қатар, Президенттің медицинаның дамуын жетілдіру арқылы қазақстан-  
дықтардың өмір сүру үзақтығын 80 жасқа дейін арттыру керектігін алға тартты. Кітапханада  
жұмыс істейтін «Сымбат» клубы салауатты өмір салтын қалыптастыру талаптарын жүзеге  
асыруға бағыт ұстал келеді.

Жолдауда мүгедектерге де ерекше көніл бөлінген құптарлық. Бұл оларды қоғамнан  
шет қалдырмай, өмірлік белсенділігін арттырады. Бұл орайда біздің ұжым да мақтана ала-  
ды. Мүгедек балалардың ақпарат алуын жөне білім игеру мұқтаждықтарын қамтамасыз  
еткеніміз үшін Қазақстан Республикасындағы АҚШ Елшілігінің грантын иелендік. Бұл  
бағыттағы жұмысымыз одан әрі де жалғастырыла береді.

Жалпы алғанда, биылғы Жолдау ел тұрғындарының бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ  
жолында жұдырықтай жұмылтып үйимдасуын талап етеді. Үйимшылдық – істің негізі, берік  
іргетасы.

Біздің ұжым Елбасы Жолдауын жұртшылыққа көнінен түсіндіру мақсатында өніріміздегі  
кітапханалар жүйесінің барлық буындарында «дөңгелек үстелдер», ақпараттық сағаттар,  
дәрістер өткізуіді жоспарлап отыр. Осы орайда, «Жаңа Жолдау – жаңа басымдықтар»  
тақырыбында көрме үйимдастырамыз.

Оқырмандар шаңырағы өзінің бүкіл жұмыс арқауын жас үрпаққа арнауга тиіс. Қоға-  
мымыздың ертенгі жас азаматтары жан-жақты білімді игеріп, оны елдің игілігіне асыруға  
қабілетті болып, Отанды суюге лайық шындалуы керек.

Ольга КИТАЕВА,  
начальник отдела маркетинга  
Восточно-Казахстанской областной  
детско-юношеской библиотеки



Традиционно, в начале этого года Н.Назарбаев обратился с Посланием «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».

Как отметил Президент: «Стратегия – это программа конкретных практических дел, которые день за днем, из года в год будут делать лучше страну и жизнь казахстанцев».

В Послании представлен план вхождения Казахстана в число 30-ти развитых стран мира. «А основа развитой страны - мир и стабильность, справедливое правосудие и эффективный правопорядок». Уже подходит к концу первая из семи пятилеток, каждая из которых решает вопрос достижения единой цели - войти в число 30-ти развитых стран.

Задач много, решать их нужно. С чего начать?

Библиотекари ОДЮБ всегда занимают активную жизненную позицию, не останавливаются в своем развитии, будь то информатизация библиотечных процессов, внедрение инноваций в обслуживание читателей, разработка и реализация проектов и программ. Мы не забываем о том, что, являясь информационным центром, должны быть в курсе основных событий в стране, а, главное, постоянно знакомить с ними наших читателей - детей, подростков, юношество. Библиотека совместно с образовательными учреждениями принимает активное участие в формировании личности. Как сказал Н. А. Назарбаев, «Особо обращаюсь к нашей молодежи. Эта Стратегия - для вас. Вам участвовать в её реализации и вам похинять плоды её успеха. Включайтесь в работу, каждый на своём рабочем месте. Не будьте равнодушными. Создавайте судьбу страны вместе со всем народом!».

Ответом на обращение Президента стал долгосрочный социальный проект «Мәңгілік Ел»- 50 шагов», разработанный ОДЮБ и состоящий из 50 мероприятий. Он затрагивает социальную и духовную сферы личности, что позволит укрепить чувства патриотизма, высокой духовности и ответственности. Имея статус областной детско-юношеской библиотеки, планируем выезды в районы с целью расширения территориальных границ реализации проекта.

Первой ласточкой в его реализации стал очередной маршрут библиотечного «BOOK-такси». Цель его - познакомить жителей города с Посланием «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», узнат, что важного они отметили для себя, какие планы строят в соответствии с этим документом.

Мы надеемся, что реализация проекта «Мәңгілік Ел»- 50 шагов» станет достойным ответом на призыв нашего Президента: «...не ждать манны небесной, а трудиться и реализовывать намеченные планы».



Салима ЖУМАКАНОВА,  
библиотекарь ОУНБ им. Н.В. Гоголя

17 января 2014 года Президент страны выступил с ежегодным Посланием народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», которое посвящено анализу результатов Стратегии «Казахстан – 2050» и было сформулировано Лидером Нации как основа прогрессивного развития основных сфер жизни нашей страны. До 2050 года нас ждет ровно семь пятилеток, каждая из которых посвящена определенному направлению. Шестым направлением деятельности правительства станет «создание новых возможностей для раскрытия потенциала казахстанцев. Развитая страна в XXI веке – это активные, образованные и здоровые граждане».

Если говорить о роли библиотек в формировании личности, то бесспорно она играет одну из наиболее важных в жизни молодого поколения. Библиотека должна и может стать центром формирования «навыков критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации», ведь именно поиск ведет к получению информации, а информация, в свою очередь, к знаниям. Вообще, в современном мире сейчас достаточно способов найти информацию, но чтение – один из основополагающих факторов культурного процесса в обществе. Чтение само по себе – феномен культуры, который связан как с индивидуально-психологическими особенностями личности, так и с социально-экономическими факторами общественной жизни.

Во всех своих Посланиях Президент страны отмечает всю важность знания государственного языка. В рамках поддержки государственного языка в библиотеке открыт «Ресурсный центр изучения казахского языка», а также клуб казахского разговорного языка «Қазақша сәйлесейік». Занятия в клубе проходят еженедельно и посвящены определенной теме. Стало хорошей традицией ежегодно проводить в библиотеке конкурсы на знание государственного языка. В них активное участие принимают студенты и учащиеся. В 2013 году такой конкурс прошел среди некоренной национальности. Участниками были русские, украинцы, корейцы и т.д. Они показали хорошие знания казахского языка, высказывались о том, что для них знание и умение говорить на государственным языке – это патриотично и престижно.

В Послании народу «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Президент сделал упор именно на образованную молодежь, потому что именно нам предстоит строить Казахстан как развитую во всех отношениях страну.



Бақтылы ЖҰМАБЕКОВА,  
С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап  
ғылыми кітапханасы директорының орынбасары

Президент Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауы облыс кітапханашылары арасында қызу талқыланды. Жолдауда Қазақстан үшін алдағы онжылдықтар ауқымды серпіліс жасауға мүмкіндіктер кезеңі ретінде қарастырылған. Осы ретте Жолдаудағы Қазақстан тарихына енетін 10 креативті идеяның біріншісі болып «Патриотизм» идеясының іске асырылуы мақсатында «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінің өзірленену де – Елбасының ұлы мұратқа қызмет етуінің айқын көрінісі екендігі кітапханашылар арасында кеңінен талқыланды. Кітапханамыздығы жыныға Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының маманы Бану Нұрасылова және кітапханашылар қатысты.

Кітапхана директоры Мақпал Сқабайқызы «Мәңгілік елге бастайтын қасиетті жол» тақырыбында ой тарқатты. Ол өз сөзінде Жолдауда Елбасы айтқан Мәдениетке қатысты мемлекеттік тұрғыда «Мәдениет туралы саясаттың тұжырымдамасын» жасау жөнінде тапсырма берілгендей, мұнда ұлт руханиятының біраз мәселелері қамтылатындығын, тіл, діл, әдебиет, мәдениеттің дамуына игілікті жол аштын жақсы тұжырымдама жасалатындығына көміл сенімді екендігімізге тоқталып етті.

Негізінен, Жолдаудағы еліміздің рухани тұтастық пен дәстүр сабактастығын қамтамасыз етер басты нышан ретінде бағаланар ұлт мәдениетіне мән берілуі бізді қуантты. Мұнда «Мәңгілік Ел» Ана тілінің егіздің сынарындағы болған терең тамырлы, тағдырлы байланысы жайлы айтылған пайымды сөздері жүрекке қонымды етіп жеткізілген екен.

Жолдауда баяндалғандай, барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы – мемлекеттік тіл Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернэттің тілінә айналды. Қазақ тіліндегі білім алатындардың саны жыл өткен сайын артып келеді. Осы ретте туған тілдің тағдырына бейікам қарамай, жанашыры болу барлығымыздың қасиетті борышымыз деп білеміз.

Осы бағытта С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасының қызметкерлері оқырмандар, студенттер, оқушылар арасында Елбасы Жолдауын кеңінен насиҳаттауды бастап кетті.



Әбдіхалық ЭБДІРАЙЫМҰЛЫ,  
А. С. Пушкин атындағы  
Оңтүстік Қазақстан ОӘФК-сы  
директорының орынбасары,  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет қайраткері, ақын, сазгер

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұdde, бір болашақ» тақырыбындағы кезекті Жолдауы Шығыс пен Батыстағы бауырларға, Солтүстік пен Оңтүстік Қазақстандағы ұлт пен ұлыстарға, шет жерде жүрген тілегі бір, жүргегі бір қандастарымызға – үлкен үміт, сұнғыла сөнім, баянды бағдар болары анық.

«XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. ...Таяудағы 10-15 жылда ғылыми қамтымды экономикалық базис жасау керек, онсыз біз әлемнің дамыған елдері қатарына қосыла алмаймыз. Мұны дамыған ғылым арқылы шешүге болады», – деп Нұрсұлтан Әбішұлы ғылым мен білім заманын қалыптастыруға мензейді.

Білім мен ғылым жолына әрине, жаңа қоғамның «патша пейіл» перспектірін жасақтап, тәрбиелейтін тек қана ордалы оку орындары мен көпшілік кітапханалар екені жасырын емес. Ұғымды үрпақ тұған халқын, баба салтын сүймесе, өткені мен жеткеніне баға бермесе, елдігіміз еш...

Ұлттық рухтағы жастарды тәрбиелеу – көзі ашық, көнілі ояу кітапхана қызметкерлерінің көзге көрінбес ерлігі. Сан мындаған оқырманды жиып «Отан отбасынан басталады», «Менің елім – Қазақстан», «Бабалар жолы – бақыт жолы», «Ғылым таптай мақтанса», «Білімді үрпақ – бүгінгі үрпақ», «Оңтүстігім – ұлысымның үйтқысы», «Шымкенттің жастары – арманның асқағы» тәрізді тағлымы мол тақырыптарда өткізілген сан алуан көркем дүниелі кештер, қазақстанның жаңа тұлғаны қалыптастырудың негізі, адастырmas ақ жолы, тәрбие мектебі деп түсінген абзап.

Жолдаудағы «...Қазақстанның алғашқы заманауи урбанистік орталықтары ірі қалалар – Астана мән Алматы, одан соң – Шымкент пен Ақтөбе болады. Олар халықтың және инвестициялардың шоғырлану орталықтарына айналады, сапалы білім беру, медицина, әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсетеді...», – деген жолдар елді суюге, қоғамды құрметтеуге бағыттап, бақыт кілті – адам мәдениетінде екенін ескертеді.

Ескегіндей кеменің,  
Біз ұшынданай жебенің.  
Серіз қырлы, бір сырлы  
Мен жастарға сенемін –  
деп өзекті өлең өртесе, қазақстанның әрбір тұлға – мәңгілік елдің мәңгілік қожасы болатындағы ақберен азamat болуы абзап.

Қазақстанның жаңа тұлға деп кімдерді айтамыз? Жаңа тұлғалардың абаты мен қанаты не?

«...Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі окушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс»,

– дейді баяндашы. Іздегенге сұраған! А. С. Пушкин атындағы өмбебап ғылыми кітапханасына бас сүққан оқырмандар «Ата заң – мемлекет дамуының іргетасы», «Қазақстан ғылыми», «Қазақстанның мемлекеттілік кезеңдері», «Шың мен шынырау», «Елбасы және мәдениет», «Елмен сырласу» сияқты құнды кітаптармен сүсіндап, «Қазақстан – Отаным, Атамекенім», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Президент және ХХІ ғасыры», «Ел еңесін көтерген Елбасы» тақырыптарында түрлі кеш, сұхбаттар өткізіп, жалынды жастарадың белімін ұштады, ілімін көтерді. Жолдауда «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен белімнің, интернеттің, тіліне айналды. ...Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард төнгө бөлінді. ...Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды!» – деп ой тастаса, «Тұған тілім – тірегім, тұған дінім – діңгегім», – деп тебіренген біздің кітапхана қызметкерлері, өткен жылы «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі», «Тіл – халықтың қазынасы мен жүрөгі», «Тіл – достық көпірі», «Мемлекеттік тіл – ұлт саясатының діңгегі», «Қазақшаңыз қалай?» тақырыбында мәдени көпшілік істер үйімдастырып, Жолдау жаршысы болуда.

Жолдаудағы тағы бір куана құптарлық тапсырма – «қазақстандықтардың өл-ауқатын арттыру қағидаты». «...Қарапайым адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі біздің басқа мансапқа інгерілеуіміздің маңызды индикаторы болуы тиіс...» – деп, тасқа кірген шөгөдей нық көрсетілген метінде. Рас, қоғамның басты байлығы – адам. Абырайлы адам – қоғамды қозғаушы күш, ел ертеңінің суре жолын сомдаушы.

Жолдауда білім беру, деңсаулық сақтау және әлеуметтік сала қызметкерлерінің өл-ауқатына да басымдық берілді. Бұл Президент материалында былай сипатталады: «...Үкіметке азаматтық қызметшілер еңбекақысының жаңа үлгісін әзірлеуді және 2015 жылғы 1 шілдеден бастап енгізуі тапсырамын. Ол қызметкерлердің әңбекақыларын деңсаулық сақтау саласында – 28, білім беру саласында – 29, әлеуметтік қорғау саласында 40 пайызың дейін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс...». Орынды-ақ, біздің сала қызметкерлері де аз айлыққа арызданбай, көп жұмысқа назданбай қарапайым әңбек адамдарының көңіл-күйін көтеру мақсатында, әскери белімдерде, «Ардагерлер мен мүгедектер» үйінде, сондай-ақ спорт, медицина, балалар үйлерінде әр алуан іс-шаралар өткізіп, Елбасы Жолдауын өлгө насиҳаттап, Елбасы сөнімін, ұжым сөнімі – деп қабылдап өсөлі еңбек етуде.


Елбасы Жолдауын насиҳаттау айлығын жоғары деңгейде өткізген А. С. Пушкин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық өмбебап ғылыми кітапханасының басшылығы, барша ұжым:

Мәңгілік Ел – ата-баба арманы,  
Мәңгілік Ел – сан ғасырдың салмағы...  
Бостандықты Байрақ өткен – біздің ел,  
Иншалла, Тәуелсіздікті таңдағы.  
Елбасы мен елім егіз ұғымдай.  
Есік қақты – ата асуы хақ бағы,  
Оңтүстікте өзгеріс көп, ел тыныш –  
Оңтүстіктің сөн-сусыны, ақ таңы,  
Кітапхана тенденсі жоқ қазына,  
Терен болсын үрпағымның талғамы!!!  
– деп үндейді бірауыздан. Кітап – жол, оқырман мол болғай...



# 100 ТОМНАН ТҰРАТЫН БАБАЛАР СӨЗІ» ТОПТАМАСЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Жуықта Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалған 100 томнан тұратын «Бабалар сөзі» атты қазақ фольклоры топтамасының тұсауы кесілді.




Қазақ фольклоры – халықпен бірге жасасып келе жатқан зор руханият. Ол – қазақ қоғамы үшін бұрын да, қазір де үлкен мәдени, тарихи тағылымға толы танымдық рөл атқарушы рухани күш. Баяғы дәстүрлі қоғамда фольклор әрі әдебиеттің, әрі өнердің, әрі педагогиканың қызыметін атқарған. Сол себепті фольклорда қазақ этносының дүниетанымы, философиясы, этикасы, эстетикасы, тарихы айшықты да анық көрініс тапқан.

Фольклор – тек мұра ғана емес. Ол – қазіргі рухани мәдениетіміздің қайнар көзі әрі ажырамас белгі. XX ғасырда туып, дамыған кәсіби өнеріміз бен әдебиетіміз осы фольклордан нәр алған. Әткен жүзжылдықта классиктеріміз Мұхтар Әуезов, Фабит Мұсірепов, бүгінде Әбіш Кекілбайұлы сынды атақты қаламгерлеріміз фольклор сюжеттері мен мотивтерін асқан шеберлікпен өз шығармаларына арқау еткені белгілі.

Алайда, осыншама құнды руханияттың жариялау және зерттеу ісінде XX ғасырда, Қенес әкіметі кезінде сыңаржақ, солақай идеология мен саясаттың кесірінен көп қателік орын алды. Небір жауһарларымыз «халыққа жат», «байышыл, діңшіл, ұлтшыл» деп бағланып, оларды жарыққа шығаруға, ғылыми тұрғыда зерделеуге тыйым салынды. «Таптық», «атеистік», «интернационалдық» принциптерінің салдарынан бүкіл діни дастандарымыз, көптеген тарихи жырларымыз, халық наымы мен сенімдеріне байланысты туған шығармаларымыз жабулы жатты.

Рас, қазақ фольклорының үлгілері Қенес әкіметінен дейін де, Қенес әкіметі тұсында да жарыққа шығып жатты. XIX ғасырда В. Радлов, Г. Потанин, И. Ильминский, В. Катаринскийлер біздің фольклорды жеке жинақ етіп те, жеке кітап түрінде де жариялады. Бірақ олар әр мақсатта жинағандықтан фольклордың жекелеген шығармаларын ғана қамтыды.



*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрі  
Мұхтар Құл-Мұхамед*

Кез келген әдеби түнніңдан, кез келген мұзыкалық түнніңдан, кез келген өнер мен мәдениеттің түннісінан біз әрдайым фольклордың сілемдерін көреміз, фольклордың сұлбасын көреміз, фольклордың нобайын көреміз. Сондықтан біздің халқымыздың рухани қайнар күші, қуаты осы фольклор деп айтамыз...

Кеңес өкіметі кезінде де көп уақытқа дейін фольклор сериялты түрде жарияланған жоқ. Жекелеген жинақтар, кітаптар болды. Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов және басқа да әдебиеттанушылар фольклор шығармаларын арнайы том һемесе жеке кітап түрінде жарыққа шығарды.

Қазақ фольклорының үлгілерін тұтас серия түрінде жариялау 1950 жылдардың II жартысында басталды. 1958 жылы 7 кітапша болып, содан соң үлкен том түрінде 4 батырлық жыр, 3 ғашықтық жыр жарық көрді («Алпамыс батыр», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Керпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Айман – Шолпан»). Осы шығармалар 1980 жылдарға дейін үнемі қайталанып шығып жүрді.

Ұлттық фольклорымызды көп томдық етіп жариялау ісі төк өткен ғасырдың сексенінші жылдары қолға алынды, бірақ онда да фольклорды толық күйінде шығару мүмкін болмай, 17 томмен аяқталды.

Фольклордың бағы жанған жылдар – Тәуелсіздік жылдары. Президентіміз Н. Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында ұлттық фольклорымыздың басым көпшілігі біртұтас серия түрінде «Бабалар сөзі» деген атаумен 100 том көлемінде жарыққа шығып отыр. Мәселен, батырлық жырдың өзі – 20 том, тарихи жыр – 13 том, діни дастандар – 7 том, хикаялық дастандар – 13 том, ғашықтық дастандар – 8 том, ертегілер – 5 том болып шықты. Бұлар – ірі жанрлар. Шағын жанрлар 1-3 томнан тұрады. Осыншама қыруар өңбекті абыраймөн атқарған – М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Астанадағы «Фолиант» баспасы. Дөлірек айтқанда, атальмыш институт мамандары алысжақын шетелдерден жинақталған және институт қорында қашаннан жинақталған қыруар қолжазбаларды сұрып-



### Түркиялық фольклоршы-ғалым Надзе Илдус

Мен 10 жылда 100 жылдық істі атқарған азаматтарға дән ризамын ...Бұл «Бабалар сөзінің» 100 томдығы тек Қазақ елінің ғана емес, сонымен бірге түркі дүниесінің де ортақ табысы деп түсінегімін.

### Ирандық фольклоршы-ғалым Жаһангир Карини

Бізді табыстыратын да, таныстыратын да, кейін бір арнада тоғыстыратын да – осы рухани құндылықтар. 100 томнан тұратын «Бабалар сөзінің» танысқаннан кейін тіпті тек-тамырымыздың бір екені тайға таңба басқандай сезілді.

тап, жүйелеп баспаға ұсынса, «Фолиант» баспасы сол еңбектерді жоғары қосіби шеберлікпен, заманауи талап-талғамға сай көркем де келісті кітаптар етіп жарыққа шығарды.

Фольклор барлық елдерде бар. Бірқатар елдер оны жинап, жарияладап, зерделеуде. Алайда дөл 100 том етіп, үлттық байлықты бір жерге топтап, жүйелеп, ғылыми шарт негізінде текстологиялық жұмыс жүргізіп, академиялық басылым ретінде 100 том етіп жарыққа шығарған мемлекет әлі жоқ. Кейір ТМД елдерінде енді ғана басталып жатыр.

Тұсаукесерді құттықтау сөзімен ашқан Қазақстан Республикасы Мәдениет және әқпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхамед:

– Бұгін бірқатар әпостар араға жүздеген, тіпті мындаған жылдар салып өзінің туған халқымен, үрлактарымен жүздесіп отыр. Кез келген әдеби туындыдан, кез келген музыкалық туындыдан, кез келген өнер мен мәдениеттің туындысынан біз әрдайым фольклордың сілемдерін көреміз, фольклордың сұлбасын көреміз, фольклордың нобайын көреміз. Соңдықтан біздің халқымыздың рухани қайнар қүші, қуаты осы фольклор деп айтамыз. 2003 жылы Елбасының өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Үкіметке орта мерзімге арналған «Мәдени мұра» атты арнайы бағдарлама өзірлеуді, сол бағдарлама аясында қазақтың бай фольклорлық мұрасын жинақтап, жүйелеп жариялауды тапсырған еді. Бұгін өздеріңіз күә болып отырған «Бабалар сөзінің» алғашқы томы 2004 жылы жарық көрсе, соңғы томы өткен жылдың желтоқсан айында баспа бетін көрді. Енді мінекі, 100 том күйінде қазақ халқының аузы әдебиетінің інжү-маржандары жинақталып, халқымызға жол тартып отыр.

Бұдан әрі іргелі еңбектің басы-қасында болып, тамаша жүзтомдықты жарқыратып халыққа жеткізуде аса зор еңбек сіңірген айтулы академик Сейіт Қасқабасов, түркиялық фольклоршы-ғалым Надзе Илдус ханым, жазушы-ғалым Уәлихан Қалижан және ирандық фольклоршы-ғалым Жаһангир Карини сөз алып, төңдессіз туынды туралы ойларын тарқатты.

Аталған шара аясында «Мәдени мұра» бағдарламасы Қоғамдық көңесінің «Фольклортану, әдебиеттану және өнерттану» секциясының жетекшілігімен жарық көргөн кітаптардың көрмесі үйимдестірылды.



Сәулеш НАЗЫРОВА,  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық академиялық кітапханасы  
Қоғаммен байланыс қызметінің  
жетекшісі

«Бір ел – бір кітап, 2013» акциясы бойынша Ұлттық академиялық кітапханада өткен жылы 30-ға жуық іс-шара ұйымдастырылып, мәдени шараларға 2,5 мыңға жуық оқырман қатысты.

Алдымен, оқырмандар назарына «Поэзия патшаймы» тақырыбымен кітап көрмесі қойылды. Бұдан бөлек, «Әлең, мен сені аялап өтем!» атты әдеби-музыкалық кеш, «Зула, менің жыр-күйем, шабыт жегіп, Жер бетіне ғұмырлық жарық беріп....» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы, «Қазақ елінің мақтанышы – Фариза Оңғарсынова» атты әдеби-музыкалық кеш өткізілді. Соның ішінде «Мен тағы да ғашықпын» деген атаумен өткізілген поэтикалық калейдоскоп мүмкіндігі шектеулі азamatтардың өмірге құштарлығын сиятты. Осы кеште оқырмандар Фариза Оңғарсынованың лирикалық өлеңдерін шабыттана оқыса, келесі қатысушылар кешті ақын сезіне жазылған әндермен әрледі.

Биылғы акция аясында бас қалада тұнғыш рет «Жауһар жыр планетасына тұнғы саяхат» тақырыбымен поэзия түні өтті. Бағдарлама «Кітапхана шақырады, поэзия шақырады!..» атты лазерлік шоудан бастау алды.

## ЖАУҺАР ЖЫР ПЛАНЕТАСЫНА САЯХАТ

### «Кітапханадағы түн».

Кітапхана түнінің жыр бөлімі ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналды. «Шаңырақ» этнографиялық залында Фариза Оңғарсынованың туған жері – «Манаш» ауылы негізінде «Ақынды туған ауылы қарсы алады» тақырыбымен сақналық көрініс қойылды.

Сонымен қатар, «Жүректерге бір жылу әкелейін...» атты жыр кеші өтті. «Тартынбай сөйлер асылмын...» әдеби сайыс, «Қырмызы бояулар сейлесін...» тақырыбындағы жас суретшілер аллеясы да ардақты ақынның лирикасына арналды.

Ақын шығармашылығына арналған іс-шаралар барлық аймақтарда да жүргізілді. Мұндай мәдени жыындардың жалпы саны – 2729 болса, оған қатысушы оқырмандар қатары – 62000-ға жуық. Бұл бағытта Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Жамбыл облыстары кітапханаларының ұжымы белсенділік танытты.

Ал Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар облыстарына қарасты кітапханалар оқырман қауымға өзгеше форматтағы кешенді көріністерін ұсынумен көш бастап тұр.

Айтальық, Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында «Жауһар жырды жүргегінде тербеткен» тақырыбында мерзімді басылымдар көрмесі ұйымдастырылып, кітапхана порталындағы «Әлең – менің өмірім» атты виртуалды көрме арқылы пайдаланушылар ақын өмірі мен шығармашылығы туралы толық мағлұмат алу мүмкіндігіне ие болды.

БІР ЕЛ - БІР КІТАП



## БІР ЕЛ – БІР КІТАП

Өз кезегінде, қарағандылық кітапханашылар «Поэзия падишасы – Фариза», «Фариза Онгарсынова – душа казахской поэзии» тақырыбымен эссе-байқау өткізіп, «Жыр-Жаунар» поэзия клубының бастамасымен «Мұқағали мен Фаризаның диалогы» атты қойылым аясында жас ақындар жырдан шашу шашты. «Әуөзі – ән, жаны – раушан, күй – жүргөгі» атты интерактивтік саулнама да оқырман қауымның ақын шығармашылығын жетік біле-тіндігін байқатты.

Ал Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Жаз оқулыры» атты флешмобты демалушылар арасында өткізіп, кітапхана оқырмандарына «Поэзия – әмірім менің» тақырыбында қызықты кеш үйымдастырды. Сонымен қатар, «Жырларымды оқы да, ойларымды ал» деп үндеген әрі әдеби-музыкалық монтажбен көркемделген кеш кітапхана мейманжайын ән-жыр алаңына айналдырды.

Ақын ақынның дүние есігін ашқан аймады – Атырауда «Мен ақынмын, әйелмін әлемді ойлар» тақырыбымен өткізілген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны, сондай-ақ осы «Фариза күндері» аясындағы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне арнайы үйымдастырылған «Қазақ тілі – менің тілім» байқауын атамасқа болмас. Бұлар – оқырмандарға арналған салтанатты оқиғалардың тек бір көрінісі.

Осылай, оқу акциясы аяқталды. Ф. Онгарсынованың өлеңдеріндегі отаншылдық рухты, елі мен жерін сүйген жүрек лүпілін, қазақ руханиятына жанашырлықты акцияға қатысушы өрбір оқырман сезінді. Ең бастысы, акция шеңберіндегі іс-шаралардың барлығы да жемісті жүзеге асырылды. Оған ақынның өзі де ақпарат құралдары арқылы күе болды. Өкінішті, биылғы жыл басталысымен біртуар ақыннымыз Фариза Онгарсынова фөниден бақыға озды. Шығармашылығы ел мәртебесінә айналғанын соңғы мәрте жан жүргөгімен сезініп кетті.

Автордың тәмендегі тармақтары бізді жаунар жыр планетасына саяхаттауға шақырғандай болады да тұрады:

Адам болса сезім мен сенім іздер,  
Келіңіздер, бері қарай еніңіздер.  
Менің байтақ әлемім – планетамды  
Көрінідер аралап көрініздер!



# Выбрали книгу **2014** года

По итогам голосования членов организационного комитета акции «Одна страна – одна книга» из трех произведений для всеобщего чтения в 2014 году были выбраны повести Сайна Муратбекова «Запах полыни» и «На вершине Учкары».

По уже сложившейся традиции члены оргкомитета акции «Одна страна – одна книга» в начале года подводят итоги года ушедшего и выбирают новую книгу для чтения. В начале февраля в Национальной академической библиотеке РК состоялось очередное заседание оргкомитета акции, в котором также приняли участие представители Министерства культуры и информации РК, областных библиотек, журналисты.

Всем известно, что все эти годы первым и бессменным председателем оргкомитета была Фариза Онгарсынова, недавно покинувшая нас. Ее уход из жизни стал огромной потерей не только для родных и близких, но и для всех казахстанцев, почитающих поэзию. Фариза апай навсегда останется в сердцах миллионов поклонников, буквально выросших на ее творчестве и восхищающихся ее мужеством, острым пером и стойкой жизненной позицией. Фариза апай была частой и желанной гостьей нашей библиотеки, не оставляла без внимания приглашения на те или иные мероприятия.

Память всеми любимой поэтессы минутой молча-

ния почтили и участники заседания. Далее с приветственным словом выступил генеральный директор НАБРК Алибек Аскар, который отметил гуманистическую роль акции в воспитании молодого поколения, все больше предпочитающего виртуальную жизнь реальному, живому общению, чтению. Сделав небольшой экскурс в историю акции, А. Аскар передал слово заместителю председателя оргкомитета Гарифолла Есиму. После ознакомления им собравшихся с 17 членами оргкомитета, поступило предложение о включении в состав комитета еще двух библиотекарей. Представители областных библиотек выдвинули следующие кандидатуры – руководитель научно-методического отдела Национальной библиотеки РК Карима Коштаева и директор Кызылординской областной универсальной научной библиотеки им. А. Тажибаева Нуржамал Мырзамуратова.

Во-вторых, на повестке дня стоял на менее важный вопрос об избрании нового председателя. По мнению членов оргкомитета, им должен стать человек широко




## ОДНА СТРАНА – ОДНА КНИГА

известный, с большим опытом общественной работы, авторитетная личность. Таковыим, по мнению большинства, является академик Гарифолла Есим, за которого единодушно проголосовали все участники заседания.

Вновь избранный председатель поблагодарил за оказанное доверие и высказался по поводу своего назначения. «Данная должность не предусматривает какой-либо материальной выгоды, положения в обществе. Это служение Книге. Работа на благо нашего будущего. А вообще, с самого детства у меня есть два любимых места – это книжный магазин и библиотека», - отметил Г. Есим.

Далее для ознакомления собравшихся с ходом работы по выбору книги 2014 года слово было передано заместителю генерального директора НАБРК Галие Исакановой. По ее словам, в процессе выбора участвовали все библиотеки республики. Таким образом были выявлены 12 книг, набравших наибольшее количество голосов. Если кратко остановиться на предложенных книгах, то, к примеру, Национальная академическая библиотека РК выбрала роман Н. Келимбетова «Не хочу терять надежду» и повести С. Муратбекова «Запах полыни» и «На вершине Учкары», Национальная библиотека РК – «Өмір Өзен» М. Макатаева, «Қарғын» Д. Исабекова и «Бір екініш, бір үміт» Бексултана Нуржекеева. Таюке с помощью соцопроса в крупных вузах столицы были выявлены и мнения студентов. Студенты Евразийского Национального университета им. Л. Гумилева в 2014 году хотели бы читать произведения С. Муратбекова, «Әпке» Д. Исабекова, «Не хочу терять надежду» Н. Келимбетова, «Махаббат қызық мол жылдар» А. Нуршайхова, «Имандалық» Шакарима и «Ботагоз» С. Мукарова. Если говорить о выборе областных библиотек, то Мангистауская ОУНБ предлагает произведения Б. Майлина, Актюбинская ОУНБ им. С. Баишева – трилогию «Кровь и пот» А. Нурпейисова и т.д. Кроме этого, в определении книги года принимали участие и члены поэтического клуба «Жансусар», созданного в НАБРК. Посредством социальной сети Facebook удалось выявить их литературные предпочтения. Так, молодые деятели пера призывают всех в 2014 году читать «Қыпшақ аруы» М. Магауина, «Парасат майдыны» Т. Абдика, произведения Т. Айбергенова. Разумеется, акция носит общереспубликанский характер и охватывает все категории населения. Поэтому в выборе книги были учтены и мнения наших читателей, которые предложили произведения Абая, С. Муратбекова, Д. Исабекова, И. Жансугурова, А. Байтурсынова и др.

Как уже было сказано, из числа предложенных книг были выбраны 12. Из них членами оргкомитета были отобраны три произведения для обсуждения и дальнейшего выбора одной книги. Это «Не хочу терять надежду» Н. Келимбетова – 109 голосов, «Запах полыни» и «На вершине Учкары» С. Муратбекова – 81 голос и «Меня зовут Кожа» Б. Сокпакбаева – 50 голосов.





